

**БЕКЗАТОВА Манат Борихановна,
№1 «Білім-инновация» ер балалар лицей-интернатының
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Шымкент қаласы**

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ – МЕНІҢ ТІЛІМ

Туған тілім – тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сыр ойдағы.
Тілім өссе, мен де бірге өсемін,
Тілім өссе, мен де бірге өшемін,-деп, Әбділда атамыз жырлағандай, тіл – әрбір ұлттың тірегі, қазынасы.

Елімізде ұлттық тілімізді ұлықтау, салт-дәстүрімізді дәріптеу мақсатында түрлі іс-шаралар өткізілуде.

Міне, сондай іс-шаралардың бірі - қаламыздағы №1 «Білім-инновация» ер балалар лицей-интернатында қаңтар айының 22-26 аралығында өткен **«Мемлекеттік тіл - менің тілім»** атты қазақ тілі мен әдебиеті апталығы. Апталық барысында дәстүрлі түрде пән мұғалімдері ашық сабақтар өткізді. Атап айтсақ, ұлағатты ұстаз Клара Бейсенбаева «Ұшқан ұя», Манат Бекзатова А.Кемелбаеваның «Шашты», Райхан Абишова «Шұғаның белгісі» әңгімелері бойынша, жас ұстаз Айжамал Мирзахмедова «Тіл және технология» тақырыбында түрлі әдіс-тәсілдерге толы ашық сабақтарын өткізді.

Апталықтың ашылуында оқушылар таңертең ұстаздар мен қызметкерлерді, лицейдің оқушыларын қазақтың күмбірлеген күйімен, ұлттық тағамымыз - бауырсақпен қарсы алып, баршаға көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Ерте келушілерге **«Жалғасын тап»** айдарымен сұрақтар қойылды.

Сабақтан соң Бейсенбаева Клара апайдың ұйымдастыруымен эссе жазу сайысы өткізілді. Эссе тақырыптары: **«Мемлекеттік тіл - менің тілім», Абай Құнанбайұлының «Жігіттер - ойын арзан, күлкі - қымбат» өлеңіндегі қасиеттер бүгінгі күннің жігіттері бойынан табылады ма?** Бұл сайыстың қорытындысы бойынша жүлделі **I орынды** Шатай Дархан (10с-сыныбы), Мәлік Нұрдәулет (10в), **II орынды** Маханбет Артур (9с), Аманов Сұлтанбек (7а), **III орынды** Юсубалиев Илхам (9в), Халық Нұржігіт (10с) иеленді.

Келесі күні оқушылар лицей мұғалімдері мен қызметкерлерінен түрлі тақырыпта сұхбаттар алды. Сұрақтар түрлі тақырыптардан қойылды. Осындай сұхбаттарды алу балалардың сұрақты дұрыс қоя білуімен қатар адамдармен қалай қарым-қатынас жасауды үйренуіне ықпал етеді.

Үлкен үзілісте Бекзатова Манат апай мұғалімдер арасында **«Салт-дәстүрінді білесің бе?»** айдарымен сұрақ-жауап сайысын өткізді. Осы сайыста ұстаздар қазақтың салт-дәстүрі жайында көп мәліметтерді толығырақ біле алды, әсіресе қазіргі таңда ұмытылып бара жатқан және жаңаша сипатқа ие болған түрлерін еске түсірді.

7-10 сыныптар арасында **«Ұлы тұлғалар ауылы»** деп аталатын сайыс өткізілді. Биыл аталып өтілетін Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сәкен Сейфуллин, Бердібек Соқпақбаев, Жүсіпбек Аймауытов, Махамбет Өтемісұлы, Тұрар Рысқұлов, Әйтеке би, Саттар Ерубаяев, Қаныш Сәтбаев, Бейсенбай Кенжебаев, Әбділда Тәжібаев сынды атақты тұлғаларымыздың мерей тойларына байланысты әр сынып өздеріне бөлінген тұлғалар туралы 2 минуттық бейнетүсірілім дайындап, арнайы таныстырылым жасауы қажет болатын. Осы сынақтардан сүрінбей өткен 9а-сынып оқушылары атақты Тұрар Рысқұловқа байланысты барлық талаптарды орындай отырып, жүлделі **I орынды** иеленді. Ал **II орынға** 9с-сынып оқушылары (Саттар Ерубаяев ауылы), **III орынға** 8в-сынып оқушылары (Жүсіпбек Аймауытов ауылы) ие болды.

Жас ұстаз Мирзахмедова Айжамал қазақ тілі мен әдебиетіне байланысты сұрақтарға негізделген **«Кім көп біледі?»** айдарымен сұрақ-жауап сайысын өткізді. Бұл

сайыста оқушылар өздерінің білімдерімен қоса, жылдамдық, ептілік, зеректік, т.б. қабілеттерін көрсете алды. Сайыстың қорытындысы бойынша **I орынды** Оралбай Елнұр (7с), **II орынды** Жүніс Бақытжан (7а), **III орынды** Аким Айтжан (7в) иеленді.

Аптальғымыздың ең қызықты, ең тартымды шараларының бірі - «Екі жұлдыз» ән байқауы болды. Бұл сайыстың ерекшелігі - патриоттық тақырыпта ата-ана мен бала бірге ән айтуы тиіс. Байқаудың мақсаты - ұлттық құндылықтарымызды ұлықтау, дәстүрімізді дәріптеу, ән өнерінің жанашыры болу, міне, осы тұрғыдан алғанда, ата-аналар мен балалар өз таланттарын көпшілікке ұсынды. Байқау барысында балаларымыз өздерінің тәрбиешісімен де, достарымен де бірге ән айтып, өздерінің өнерлерін ортаға салып, көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Байқаудың қорытындысы бойынша жүлделі **I орынды** «Көк тудың желбірегені» әнімен 7в-сынып оқушысы Бахтияр Еркенұр мен әкесі Егенбердиев Ерғали жеңіп алды. Ал **II орынды** «Атамекен» әнімен 9а-сынып оқушысы Ердосұлы Әділет пен әкесі Оразалиев Мұрат жеңіп алды, ал **III орынды** «Елім менің аңсаған» әнімен 10а-сынып оқушысы Айдархан Арыстан мен анасы Айгүл Аманова иеленді. Сонымен қатар осы байқауға өз үлесін қосқан Мамбетова Перуза Жаңабайқызына (ата-ана) үлкен алғыс білдіреміз

Бейсенбі күні Мирзахмедова Айжамал ұстаздың ұйымдастыруымен 8-сынып оқушылары арасында «Квест» ойыны өткізілді. Бұл ойын балаларды жылдамдыққа, тапқырлыққа баулиды, сондықтан балалар өте қызығушылықпен қатысты. Ойын қорытындысы бойынша, **I орынға** 8с-сынып оқушылары - Алиханбар Ербол мен Тастемір Санжар, **II орынға** 8а-сынып оқушылары - Саматұлы Нұрасыл мен Бақытжанұлы Әділжан, ал **III орынға** 8в-сынып оқушылары - Жүніс Елнұр мен Базаралы Абдулла ие болды.

Аптальық барысында ұстаздар мен оқушылар да ұлттық киімдерін киіп, ұлттық құндылықтарымызды насихаттауға өз үлестерін қосты. Киіз үй тігіліп, мектебіміздің бірінші қабаты ұлттық нақышта безендірілді. Аптальғымыздың жабылу салтанатында белсенді қатысқан оқушылар мен жүлделі орын алған жеңімпаздарымыз марапатталды. Арнайы алғыс хаттар мен мақтау қағаздары және сыйлықтар табыс етілді. Ұлттық киім киіп, ән байқауы мен түрлі іс-шараларға қазылық еткен, жалпы аптальыққа өз үлестерін қосқан ұстаздарға да арнайы сыйлықтар ұсынылды.

Жалпы білім ордасында кез келген аптальықта ұлттық құндылықтарымызға көп мән беріледі. Гуманитарлық, жаратылыстану бағытындағы және ғылыми пәндер аптальықтарында да ұлтжандылыққа тәрбиелейтін керемет көріністер, ашық сабақтар, көрсетілімдер мен бейнеүзінділер ұйымдастырылып отырады. Жыл сайын қалалық және республикалық пән олимпиадаларынан жүлделі орындарды иеленіп келе жатыр, биылғы көрсеткішті елден ерек десек те болады. Атап айтсақ, I орын - 24, II – 19 орын, III орын - 15, жалпы – 58 орын. Сапалы білім беруде ғана емес, саналы тәрбие беруде де озық тәжірибесімен көзге түсетін лицейімізде тәрбие бағытында көптеген іс-шаралар жиі өткізіліп тұрады. Қаншама жылдардан бері ата-аналармен тұрақты жұмыс жасауда көптеген нәтижелерге қол жеткізіп келеді. Ата-анамен байланыстың мықты болуы - жақсы нәтижелердің кепілі.

Қорыта айтқанда, аптальық жақсы дәрежеде аталып өтті. Аптальғымыздың өте жақсы дәрежеде ұйымдастырылып, жоғары деңгейде аталып өтуіне көмек берген лицей әкімшілігіне, белсенділік танытқан ұстаздар мен оқушыларға, қолдау көрсеткен ата-аналарға шексіз алғысымызды білдіреміз. Еліміздің ертеңі - болашақ ұрпағымызды білімді де білікті, елжанды, ұлтжанды етіп тәрбиелеуде мол үлестерін қосып жүрген, «мектептің жүрегі» атанған ұстаздарымыздың ерен еңбегі қашан да үлкен құрметке әбден лайық! Әрбір өткізілетін пән аптальықтарының да мақсаты - болашақ ұрпағымыздың нағыз ұлтжанды, білімді болып өсуіне септігін тигізу. Тіліміз бен дінімізге, тәуелсіз елімізге деген құрметіміз - Мәңгілік Ел болуымыздың кепілі болмақ!